

Қандастардың атынан жиі қойылатын сұрақтар бойынша
АНЫҚТАМА

№	Сұрақтың мазмұны	Жауап
1. Көші-қон қызметі комитеті		
1.	Уақытша тіркеуге тұрғызу.	2019 жылдың 30 желтоқсанында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Соған сәйкес, шетел азаматтарын уақытша тіркеуге рұқсат берілмейді. Ендігіден бастап, шетелдіктер Қазақстан Республикасында 30 күннен артық бола алмайды. Сонымен қатар, Қазақстанға келген шетел азаматтарының уақытша тұруы туралы рұқсат құжаттарын рәсімдеу, оларды қабылдаушы жеке және заңды тұлғаларға міндеттеледі. Яғни, қабылдаушы тұлға шетел азаматы туралы үш күннің ішінде Ішкі істер бөлімін хабардар етуі тиіс. Бұл үрдіс заманға сай электронды форматқа көшірілген. Шекара асып келген шетел азаматтары жайында ескерту механизмі Заңға сәйкес жазбаша жүргізіледі. Бүгінгі таңда хабарландыру процедурасы автоматтандырылған және «Бүркіт» бірыңғай ақпараттық жүйесінің визалық-миграциялық порталы және EGOV порталы арқылы жүзеге асыруға болады. Шетелдік азаматтың мемлекетте рұқсат етілген мерзімі белгіленген межеден асып кеткен жағдайда, дифференциалды айыппұл салынады. Мәселен, 10 күнге созылса, 25 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төлем талап етіледі. Бұл төлемді шетел азаматы емес қабылдаушы ҚР азаматына қойылады. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылдың 30 желтоқсанындағы Заңы.</i>

2.	Тұрақты тұруға рұқсат алу.	ҚР Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 599 бұйрығына сәйкес 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен рәсімдеу үшін облыстық, қалалық немесе аудандық көші-қон қызметі бөлімшелеріне барып құжаттарын бірмезетте тапсыра алады. Тиісінше, тұрақты тұруға рұқсат алу мен азаматтық рәсімдеу бойынша шешім үш ай мерзімінде шығатын болады. Егерде, қандастарымыз өңірлік квота аламын деген жағдайда, ҚР азаматтығына құжаттарын бірден тапсырмай, бұрынғы заңнамалық тәртіп бойынша алдымен шетел азаматының тұру ықтиярхатын рәсімдеуіне болады. Ықтиярхатпен жүрген қандастарға ҚР азаматтары болып табылмағандықтан, қандастардың өңірлік квотаны иемдену құқығын шектемейді. Қандас (оралман) мәртебесін және ЖСН алғаннан кейін, Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін тұрғылықты мекен-жайы бойынша <u>ҚР ІМ көші-қон қызметі бөлімшелеріне</u> тиісті құжаттарды жинап тапсырады. Қажетті құжаттар тізімі: 1) өтініш-сауалнама; 2) көрсетілетін қызметті алушының ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін), олардың жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен астам болуы тиіс; 3) бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың жеке басын растайтын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін); 4) оның азаматтығы бар немесе тұрақты тұратын мемлекетінің жазбаша келісімі, ол кету парағы не шетелге тұрақты тұруға арналған рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде жүруі мүмкін (босқындар деп танылған немесе Қазақстан Республикасында пана ұсынылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды
----	----------------------------	---

		және егер халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қытай Халық Республикасынан келетін этникалық қазақтарды қоспағанда); 5) өтінішхат берушінің қолтаңбасымен қазақ немесе орыс тіліндегі өмірбаян; 6) этникалық қазақтарды, бұрынғы отандастарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар негізінде жеңілдетілген тәртіпте Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, "Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаттар алуға үміткер шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болу кезеңінде өздерінің төлем жасау қабілеттігін растау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1185 қаулысына сәйкес өзінің төлем қабілеттілігін растау туралы құжат; 7) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер өзге халықаралық шарттарда көзделмесе); 8) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға 14-тен 18 жасқа дейінгі баланың нотариалды куәландырылған келісімі; 9) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке және заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған шарт не нотариалды куәландырылған келісім; 10) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 24 қазанда № 7274 болып тіркелді) сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын
--	--	--

		сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы; 11) мөлшері 35x45 мм бір фотосурет; 12) тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығының болмауы және тоқтатылуы туралы анықтама (туу фактісін анықтаған не басқа мемлекеттік аумағында оның тұруы анықталған жағдайда жеке басты куәләгә жоқ көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде). Ішкі істер органдары этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері өтініш берген кезден бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде олардың тұрақты тұруға рұқсат алу және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы өтініштерін қарауға міндетті, рұқсат беру немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады. Тұрақты тұруға рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған кезде, көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және оларға республика аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат түрінде беріледі. <i>Дереккөз: «Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі №606 бұйрығы.</i>
3.	Тұрақты тұруға тіркеуге мекен-жай табу.	«Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу тұрғын үйлерде, пәтерлерде, саяжай құрылыстарында, бау-бақша серіктестіктерінде, кооперативтерде, жатақханаларда, қонақ үйлерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерінде, пансионаттарда, қарттар үйлерінде, қызметтік ғимараттар мен үй-жайларда жүзеге асырылады». <i>Дереккөз: «Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 9 қыркүйектегі №606 бұйрығы.</i>
4.	Шетелдік азаматтарға Қазақстанға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №664 бұйрығымен бекітілген Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым

жоғы туралы медициналық анықтамасы	салатын ауруларға тексерілу үшін Нұр-Сұлтан қаласы бойынша жүгінетін мекемелердің мекен-жайы:			
	№	Аурулар тізбесі	Тексерілу мекен-жайы	Қатынайтын қоғамдық көліктер
	Нұр-Сұлтан қаласы			
	1	Нашақорлық	Нұр-Сұлтан қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар
	2	Психикалық бұзылу (ауру)	Нұр-Сұлтан қаласы, Хусейн бен Талал көш. 7	№12,40,51 автобустар
	3	Туберкулез	Нұр-Сұлтан қаласы, Шевченко көш. 1, №4 қалалық Емхана	№12,54,21, 46,50,32,53 автобустар
	4	Лепра (Гансен ауруы)	Нұр-Сұлтан қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар
	5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Нұр-Сұлтан қаласы, Республика көш. 50/2	№70,37,10, 3,4,19 автобустар
	6	ЖИТС (СПИД)	Нұр-Сұлтан қаласы, Есенберлин көш. 5/1	№12,10,21, 37 автобустар
	7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Нұр-Сұлтан қаласы, Манас көш. 22/3	№51,15,28, 60,61 автобустар
	Алматы қаласы			
	1	Нашарқорлық	Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 10 үй.	№22,№40,№112, №126 автобустар

			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Алматы қаласы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 117 үй.	№18 және №135 автобустар
			3	Туберкулез	Алматы қаласы, Бекхожин көшесі, 5 үй.	№48,№65,№66,№99,№120№121 автобустар және метрополитен
			4	Лепра (Гансен ауру)	Алматы қаласы, Манас көшесі 65.	№ 18, 80, 123 автобустар
			5	Жыныс жолдары арқылы берілетін жұқпалы инфекциялық аурулар (ЖЖБИ) мерез, мерез лимфогранулемасы, донованоз, шакроид	Алматы қаласы, Манас көшесі, 65 үй.	№123,№121,№95, №65,№66,№22 автобустар.
			6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Басенов көшесі, 2 үй, 4 пәтер	№123,№56,№98 ,№18,№30,№113 автобустар
			7	Жіті жұқпалы вирусты инфекциялық аурулар (ЖРВИ) ((тыныс ағзаларының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)).	Алматы қаласы, Байзакова көшесі, 295 үй.	№123,№34,№18, №112 автобустар және метрополитен
			Алматы облысы			
			1	Нашақорлық	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 97	№ 22,40,112 автобустар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Талдықорған қаласы, Ескелді би көшесі, 224. Тел 8728256258	№ 18, 113 автобустар
			3	Туберкулез	Талғар ауданы, Шымбұлақ селосы, Сатбаев көшесі, 100 87277442255	№ 1, 29, 47 автобустар
			4	Лепра (Гансен ауруы)	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113

			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Алматы қаласы, Демченко көшесі, 83 (Облыстық центр)	№ 11, 69, 113
			6	ЖИТС (СПИД)	Алматы қаласы, Орманов көшесі, 17а (Облыстық центр)	№ 60, 201, 118, 16, 25, 22
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 243. (Облыстық центр)	№ 44, 66, 98, 112, 123 автобустар
			Ақмола облысы			
			1	Нашақорлық	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 36	№1, 8, 14 автобустар
			3	Туберкулез	Көкшетау қаласы, Айыртау тас жолы	№17 автобус
			4	Лепра (Гансенауруы)	Көкшетау қаласы, Сабатаев көшесі, 1 (Тері-венерологиялық диспансері)	№1, 8, 21, 7 автобустар
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар
			6	ЖИТС (СПИД)	Көкшетау қаласы, Темірбеков көшесі, 29	№1, 8, 14, 5, автобустар
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық	Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Аурухана қалашығы	Қала аралық автобустар қатынайды

			инфекциясынан) және грипптан басқа).		
			Шығыс Қазақстан облысы		
		1	Нашақорлық	Мызы көшесі 1/1	42,46,42,246, 42 автобустар, 1,3 трамвай;
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қаныш Сатпаев көшесі 1	60,46,260,17,33 автобустар;
		3	Туберкулез	Буров көшесі 61 Әуезов көшесі 18	46,42,3,55,262, 260,33,19,6 автобустар;
		4	Лепра (Гансен ауруы)	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Өтепов көшесі 39	46,60,17 автобустар
		6	ЖИТС (СПИД)	Бурова көшесі 39	46,42,3,246;
		7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Н.Назарбаев даңғылы 17	12,1,3,19,60,260 автобустар;
			Қарағанды облысы		
		1	Нашақорлық	Қарағанды қаласы , Муқанова 35,	8(7212)34-70-42
		2	Психикалық бұзылу (ауру)	Қарағанды қаласы , Гастелло 23	8(7212)51-26-59

			3	Туберкулез	Қарағанды қаласы , Сәкен Сейфуллин 19	8(7212)41-69-34
			4	Лепра(Гансен ауруы)	Қарағанды қаласы ,Шахтеров 81	8(7212)50-79-09
			5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)-мерез,лимфогранулемасы(донова ноз)шанкроид	Қарағанды қаласы , Архитектурная 32	8(7212)50-71-23
			6	ЖИТС (СПИД)	Қарағанды қаласы , Анжерская 37	8(7212)44-15-50
			7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа)	Қарағанды қаласы , Охотская 2а,к1	8(7212)50-71-23
			Павлодар облысы			
			1	Нашақорлық	Павлодар қаласы, Ростовская көш. 50 үй	№ 2 және 40 автобустар № 3, 003, 115, 151, 7 және 111 маршруттар
			2	Психикалық бұзылу (ауру)	Павлодар қаласы, Усолка көш. 42	№ 1, 003 және 153 маршруттар
			3	Туберкулез <i>/Флюромен бару керек/</i>	Павлодар қаласы, Қамзин көш.275,	№ 9 және 27 автобустар № 152 маршрут
			4	Лепра (Гансенауруы)	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 үй және Салтыкова-Щедрина 63к А	№ 1, 40, 42 автобус

					№ 3, 7, 16, 003, 126, 111 және 151 маршруттар
		5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66 және Салтыкова-Щедрина 63к А	
		6	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Павлодар қаласы, Малайсары батыр көш. 66	
		7	ЖИТС (СПИД)	Павлодар қаласы, Ак.Бектұров көш. 50	№126 автобустар
		8	Қорытынды	Павлодар қаласы, Қамзин көш. 5 үй №5 емхана	№9, автобустар
Солтүстік Қазақстан облысы					
		1.	Нашақорлық	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
		2.	Психикалық бұзылу (ауру)	Петропавл қаласы Рижская көш. 6 үй	2
		3.	Тубеккулез (флюорографиямен бару керек)	Петропавл қаласы 4-ші Линия көш. 2 үй	9
		4.	Лепра (Гансена ауруы)	Петропавл қаласы Интернациональная көш. 90 үй	9,2,24
		5.	Жыныс жолдармен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ)- мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид		
		6	Жітті инфекциялық аурулар (жітті респираторлық вирустық	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2

				инфекциясы тыныс органдарының жітті вирустық инфекциясынан және грипптан басқа)		
		7		ЖИТС (СПИД)	Петропавл қаласы 2-ші Кирпичная көш. 6 үй	9
		8		Қорытынды 1 дана сүрет 3*4	Петропавл қаласы Васильева көш. 123 үй	2
		Маңғыстау облысы				
		1		Нашақорлық	Ақтау қаласы, Больничный городок №1, 14 үй	№3 автобус
		2		Психикалық бұзылу (ауру)	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
		3		Туберкулез	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
		4		Лепра (Гансен ауруы)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
		5		Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 26 үй	№2,3 автобустар
		6		ЖИТС (СПИД)	Ақтау қаласы, 3 шағынаудан, 170 үй	№2,3 автобустар
		7		Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Ақтау қаласы, Больничный городок №1	№3 автобус
		Жамбыл облысы				

		<table><tr><td>1</td><td>Нашақорлық</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99</td><td>№36 автобус</td></tr><tr><td>2</td><td>Психикалық бұзылу (ауру)</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99</td><td>№36 автобус</td></tr><tr><td>3</td><td>Туберкулез</td><td>Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а</td><td>№6, 11, 12 автобус</td></tr><tr><td>4</td><td>Лепра (Гансен ауруы)</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобустар</td></tr><tr><td>5</td><td>Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобустар</td></tr><tr><td>6</td><td>ЖИТС (СПИД)</td><td>Тараз қаласы, Төле би №64</td><td>№7, 23, 29, 30 автобустар</td></tr><tr><td>7</td><td>Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).</td><td>Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153</td><td>№11,36 автобус</td></tr></table>	1	Нашақорлық	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус	2	Психикалық бұзылу (ауру)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус	3	Туберкулез	Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а	№6, 11, 12 автобус	4	Лепра (Гансен ауруы)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар	5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар	6	ЖИТС (СПИД)	Тараз қаласы, Төле би №64	№7, 23, 29, 30 автобустар	7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобус
1	Нашақорлық	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус																											
2	Психикалық бұзылу (ауру)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 99	№36 автобус																											
3	Туберкулез	Тараз қаласы, Асқарова көшесі №280а	№6, 11, 12 автобус																											
4	Лепра (Гансен ауруы)	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар																											
5	Жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (ЖЖБИ) – мерез, мерез лимфогранулемасы (донованоз), шанкроид	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобустар																											
6	ЖИТС (СПИД)	Тараз қаласы, Төле би №64	№7, 23, 29, 30 автобустар																											
7	Жіті инфекциялық аурулар (жіті респираторлық вирустық инфекциясы (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан) және грипптан басқа).	Тараз қаласы, Бейбитшилик, 153	№11,36 автобус																											
5.	Тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту.	ҚР-ның «Халықтың көші-кон» туралы заңының 49 бабы бойынша: 9) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерлерде қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңмасымен солай деп танылған, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген болса; 10) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі бес жыл ішінде экономика саласында құқық бұзушылық жасаса; 10-1) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш бергенге дейінгі																												

		бес жыл ішінде бірнеше рет Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзса; 11) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдіргенге дейінгі бес жыл ішінде осы Заңның 21-бабы 1), 2) және 5) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса; 12) осы Заңның 21-бабының бірінші бөлігі 8) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса; 13) осы Заңның 20-1-бабының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса, оның өтініші қабылданбайды. <i>Дереккөз: «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы</i>
6.	Тұрақты тұру ықтиярхатын рәсімдеу.	Шетелдіктің ҚР тұруына ықтиярхатты рәсімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларының сәйкес тұру ықтиярхаты 10 жыл мерзімге, шетелдіктің азаматтығы бар елдің паспортының қолданылу мерзіміне беріледі. ҚР тұру құқығының қолданылу мерзімін жаңа үлгідегі құжатты беру туралы өтінішті шетелдіктер мерзімі аяқталардан 1 ай бұрын тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына тапсыруы тиіс. <i>Жаңа тұру ықтиярхатын рәсімдеу кезінде шетелдік Қазақстанда тұрақты тұрушы мәртебесін жоғалтпайды.</i> ҚР-да тұруға ықтиярхатты “тұрақты тұру” санатындағы визаның негізінде ел аумағына келген шетел азаматтары ала алады. Үкімет қаулысына сәйкес ҚР шетелдіктің тұру ықтиярхатын рәсімдеу үшін Көші-қон қызметі полициясына келесі құжаттарды ұсыну қажет: 1) мемлекеттік баж төленгені туралы құжат; 2) өлшемі 3,5 x 4,5 сантиметр бір фотосурет ; 3) жарамды ұлттық паспорт. Шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты толтырған кезде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және басқа деректер ұлттық паспорттарға сәйкес жазылады.

		Шетелдіктің ҚР тұруына ықтиярхат ҚР аумағында тұрақты тұрып жатқан азаматтарға он алты жастан бастап беріледі, он алты жасқа толмаған балаларға тұруға ықтиярхат қажет емес. Шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұру ықтиярхатын рәсімдеуде мемлекеттік баж алымды төлеу күнінде белгіленген АЕК мөлшерінен 20%. Мемлекеттік баж алым ҚР банк мекемелері арқылы төленеді, оларға төлем мөлшері мен күнін растайтын құжат (<i>түбіртек</i>) беріледі. <i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
7.	Ықтиярхат мерзімінің өтіп кетуі.	Ықтиярхатпен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде 183 күннен артық тұрған азамат қылмыстық емес, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауапқа тартылады. Оның өзінде, азамат бірінші мәрте құқық бұзса, ҚР халықтың көші-қон туралы заңының 49-бабының 5 тармағына (<i>ҚР-ның шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет бұзған</i>) сай, оған Көші-қон қызметі тарапынан ескерту беріліп, ары кеткенде айыппұл төлетіп қана жазаласа болады. Айыппұл төленген соң қайтадан тұрақты тіркеуге тұрып ықтиярхатты рәсімдей алады. <i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
8.	Ықтиярхат мерзімін создыру.	ҚР тұру құқығының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінішті шетелдіктер мерзімі аяқталардан 1 ай бұрын, ал жоғалтқан жағдайда үш тәуліктен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына тапсыруы тиіс. <i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>

9.	Қазақстан Республикасының азаматтығын рәсімдеу.	Тұрақты тіркеуге және тұруға ықтиярхатқа ие бола отырып, қандас мәртебесі негізінде жеңілдетілген тәртіппен ҚР азаматтығын алуға болады. Жеңілдетілген тәртіп бойынша ҚР азаматтығын алу үшін облыстардың ПД бастығының атына өтініш береді. ҚР азаматтығына қабылдау туралы өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар қоса тіркеледі: - бұрынғы мемлекетінің азаматтығынан бас тарту туралы өтініш (нотариуспен бекітілген); - толық өмірбаян (еркін нысанда); - сауалнама-өтініш; - өлшемі 3,5 x 4,5 см төрт фотосурет; - міндеттеме; - жеке басты куәландыратын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі; - қандас куәлігі; - жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар - осы оқу орнында оқитын фактісін растайтын жоғары оқу орнынан анықтама; - жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар үшін ұлтын растайтын анықтама; - мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат. (Салық кодексінің 619 - бабына сәйкес ҚР азаматтығын алуға байланысты барлық нотариаттық іс-әрекеттер бойынша қандастар мемлекеттік баж төлеуден босатылады). Құжаттар тұрғылықты жері бойынша көші-қон полициясы бөлімшелеріне тапсырылады. Жеңілдетілген тәртіп бойынша ҚР азаматтығын қабылдау (бас тарту) туралы шешім 3 ай мерзімінде шығады. <i>Дереккөз – Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, рәсімдеу және қарау</i>
----	---	--

		<i>қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 599 бұйрығы</i>
10.	Бірмезетте тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен қабылдау	Тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу үшін ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді. Өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар тігіледі: 1) тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тіркеу осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш; 2) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш; 3) осы Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі; 4) ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін); 5) бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың жеке басын куәландыратын баланың туу туралы куәлігі немесе басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін); 6) жеке өмірбаяны қазақ немесе орыс тілінде; 7) оның азаматтығы бар мемлекетінің жазбаша келісімі, ол кету парағы не шетелге тұрақты тұруға арналған рұқсатты растайтын басқа құжат ретінде жүруі мүмкін (босқындар деп танылған немесе Қазақстан Республикасында пана ұсынылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды және егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қытай Халық Республикасынан келетін этникалық қазақтарды қоспағанда); 8) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер өзге халықаралық шарттарда көзделмесе);

		9) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке және заңды тұлғамен нотариалды куәландырылған шарт не нотариалды куәландырылған келісім; 10) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген) сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы; 11) 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған балалар ата-анасының өтінішіне өзінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін қоса ұсынады; 12) өлшемі 3,5 x 4,5 см. төрт фотосурет; <i>Дереккөз – Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 599 бұйрығы</i>
11.	Қазақстан Республикасының азаматтығын беруден бас тарту.	ҚР Азаматтығы туралы заңының 17-бабы бойынша: Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдірген адам: 1) адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса; 2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

		3) ұлттық қауіпсіздікке, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы әрекетті жүзеге асырса; 4) ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса; 5) террористік және экстремистік ұйымдарға кірген немесе террористік әрекеті үшін сотталған болса; 6) халықаралық іздеуде болса, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе не сот оның әрекетін қауіпті бауқеспелік деп таныса; 7) басқа мемлекеттің азаматы болса; 8) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдірген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмасы; 9) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерлерде қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңмасымен солай деп танылған, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген жағдайларды ҚР –нан азаматтығы берілмейді. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңы;</i>
12.	Қазақстан Республикасының азаматтық туралы заңнамасын бұзу.	ҚР-ның әкімшілік құқық бұзу кодексінің 496-бабы бойынша: 1. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамның Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін пайдалануы – жеке тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу; 2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде шетел азаматтығын алу фактісін хабарламау – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады. 3. Мемлекеттік қызметтегі адамдар, сондай-ақ билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар жасаған осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер –

		үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберіледі. <i>Дереккөз: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі;</i>
13.	Құжаттарының жарамды уақыты өтіп кетуі.	Ұлттық паспортының көшірмесі және түпнұсқасы, азаматтығы жоқ адамның құжаттарының жарамдылық мерзімі өтініш берген күні күнтізбелік 180 күннен астам болмауы тиіс. Егер де 180 күннен асып кетсе, келген елдің елшілігіне баруы керек. <i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
14.	Құжаттарын жоғалтуы.	Қандас егер де құжаттарын жоғалтса, Қазақстан Республикасында орналасқан көшіп келген елдің елшілігіне баруы керек.
15.	Көші-қон саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік.	ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 517 бабы бойынша: Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы. 1. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тіркеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнтізбелік бес күн өткеннен кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде ішкі істер органдарында тіркеуден өтпей Қазақстан Республикасында болуынан көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы – ескерту жасалады. 2. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзімдерден астам уақыт ішкі істер органдарында тіркеуден өтпей Қазақстан Республикасында болуынан не тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайда тұрмауынан, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүру қағидаларын сақтамаудан көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберіледі.

	3. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін үш тәулік ішінде Қазақстан Республикасынан кетпеуінен көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы – ескерту жасауға әкеп соғады. 4. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы не визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін үш тәуліктен асатын кезең ішінде кетуден жалтаруы – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады. 5. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жүзеге асыратын қызметі визада және (немесе) тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарға сәйкес болмауынан көрінген, Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы немесе жұмысқа орналасуға рұқсат алу еңбек қызметін жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылатын жағдайда мұндай рұқсатты алмастан Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы – жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады. 6. Осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады. 7. Осы баптың екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынады. <i>Дереккөз: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі;</i>
--	---

16.	ҚР аумағына заңсыз кіру (Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту).	ҚР Қылмыстық кодекстің 392 бабы бойынша: 1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының көрсетілген пункттерінен жалған құжаттар арқылы немесе үшінші тұлғалардың жарамды құжаттарын алдап пайдалана отырып, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту – шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2. Қылмыстық топ жасаған не күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалған дәл сол іс-әрекеттер – шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. <i>Дереккөз: 2014 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі»</i>
17.	ҚР тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру.	ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 492-бап бойынша: 1. Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен бір айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеусіз тұруы – ескерту жасауға әкеп соғады. 2. Қазақстан Республикасы азаматтарының бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеусіз тұруы – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. 3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – он үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 4. Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның күнтізбелік он күннен астам мерзімде тұрақты тұрғылықты жері бойынша

		тіркеусіз не тұруға ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адам куәлігінсіз не тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адам куәлігі жарамсыз болып тұрақты тұруы, сондай-ақ ішкі істер органдарын паспорттың, тұруға ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің жоғалғаны туралы уақтылы хабардар етпеуі – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. 5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатын болады. Ескертпе. Осы баптың бірінші бөлігінің Қазақстан Республикасы азаматтарының уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеусіз тұруы туралы талабы уақытша болатын (тұратын) жері бойынша бір айға дейінгі мерзімде тұратын уақытша тұрғындарға қолданылмайды. Дереккөз: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі;
18.	Жалған құжаттар жасату.	ҚР Қылмыстық кодекстің 385 бабы бойынша: 1. Құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын куәлікті немесе өзге де ресми құжатты қолдан жасау не мұндай құжатты өткізу, сол сияқты қолдан жасалған мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, Қазақстан Республикасының немесе КСРО-ның мемлекеттік наградаларын дайындау немесе өткізу – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2. Бірнеше рет немесе адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған дәл сол іс-әрекеттер – төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 3. Көрінеу жалған құжатты пайдалану – үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

		<i>Дереккөз: 2014 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі»</i>
19.	Уақытша келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу.	Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсаттар беру тәртібі: 1. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру үшін негіз Қазақстан Республикасының визасы, ал, Қазақстан Республикасында кіру және болудың визасыз тәртібі белгіленген шетелдіктер үшін қабылдайтын заңды, жеке тұлғалардың немесе көшіп келушінің өзінің өтініші (ерікті нысанда) болып табылады. 2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күнінен бастап күнтізбелік бес күннен астам Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар келген жері бойынша ішкі істер органдарында тіркелуге жатады, осыдан кейін шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның уақытша тіркелуі туралы анықтама осы Қағиданың <u>1-қосымшасына</u> сәйкес беріледі. 3. Көшіп келушінің Қазақстан Республикасында болу мерізімі және олардың паспорттарының тіркеу жарамдылығы визалардың жарамдылық мерзімінің соңғы күні, ал визасыз тәртіппен шыққандар үшін – тіркеу жарамдылық мерзімінің соңғы күні тоқтылады. Уақытша тұруға рұқсатты ішкі істер органдары өтініш негізінде (<i>ерікті нысанда</i>) мынадай адамдарға: - отбасына біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасында тұруға құқығы бар көшіп келушілерге Заңда айқындалған мерзімге; - білім алу мақсатында келгендерге қабылдаушы білім беру ұйымы растаған жағдайда оқуды аяқтауға қажетті, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге жыл сайын ұзартып отырады. Келудің және болудың визасыз тәртібі туралы Қазақстан Республикасымен келісім жасасқан мемлекеттерден білім алу мақсатында келген көшіп келушілердің уақытша тұруына арналған рұқсатты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес беріледі;

		- шетелдік жұмыскерлерге шетелдік жұмыскердің жұмысқа орналасуға немесе жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін тартуға, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде алдағы жылға рұқсаты болған кезде бір жылға ұзартылады. Келудің және болудың визасыз тәртібі туралы Қазақстан Республикасымен келісім жасасқан мемлекеттерден келген маусымдық шетелдік қызметкерлерге уақытша тұруға арналған рұқсатты ішкі істер органдары климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір, бірақ бір жылдан аспайтын кезеңнің (маусымның) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін береді: - тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінген көшіп келушілерге уақытша тіркеу мерзімі өтінішті қарау үшін қажетті кезеңге, бірақ күнтізбелік 90 күннен асырмай ұзартылады; - көшіп келушінің немесе оның жақын туысының ауыр сырқатына байланысты, сондай-ақ форс-мажорлық жай-күйлердің туындауына байланысты ұзартылады. <i>Дереккөз: Азаматтығы жоқ адамдарға куәліктер және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің тұруына ықтиярхат беру мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын Ережелер бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 266 бұйрығы</i>
2. Әлеуметтік қолдау		
1.	Қандас (Қандас) мәртебесін алу.	Қандас мәртебесін алу үшін этникалық қазақ қала, аудандағы Халыққа қызмет көрсету орталығына /ХҚКО/ өтінішпен қосып келесі құжаттырды тапсырады: • Еркін нысандағы өмірбаян; • өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен (туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе этникалық қазақтардың шыққан елдерінің арнайы органдарының басқа да ресми құжаттары);

		• жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлты жазылмаған жағдайда, өтініш берушінің ұлтын растайтын басқа да құжаттар белгіленеді. Құжаттарды қарау және қандас мәртебесін беру - Өтініш тіркелген күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде, егер өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда жалпы мерзімі үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. <i>Дереккөз: Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы;</i>
2.	Қандас мәртебесінің мерзімін ұзарту (өтіп кетуі).	Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар Қандас мәртебесінің мерзімін ұзарту үшін тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына немес Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына өздеріне бұдан бұрын берілген Қандас мәртебесін ұзартуға өтініш береді. Өтініш беру мерзімі өздеріне бұдан бұрын берілген Қандас мәртебесі тоқтатылған күннен бастап 6 (алты) айдан аспауға тиіс. Қандас мәртебесінің мерзімін ұзарту Заңның 21-бабының <u>2-тармағына</u> сәйкес 3 (үш) айдан аспауға тиіс. <i>Дереккөз: Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м бұйрығы;</i>
3.	Қандасдарға ұсынылатын жеңілдіктер.	1. Этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу кезінде өзінің төлем қабілеттілігін растаудан босатылады. 2. Қандас мәртебесін алған адамдар мен олардың отбасы мүшелері: 1) Қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетумен; 2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмекпен;

	3) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда мектептерде және мектепке дейінгі ұйымдарда орындармен, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көлемде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін оқу ұйымдарына оқуға түсуге бөлінген квотаға сәйкес білім алу мүмкіндігімен; 4) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең жағдайда әлеуметтік қорғалумен; 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесумен қамтамасыз етіледі. 3. Қандасдарға жеке қосалқы шаруашылығын жүргізу, бағбандықпен айналысу, саяжай құрылысы үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ауылдық елді мекендердің жерлерінен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, иммиграциялық жер қорынан, арнайы жер қорынан және босалқы жерлерден уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі. Қандасдарға шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден, арнайы жер қорынан, иммиграциялық жер қорынан және босалқы жерден уақытша жер пайдалану құқығымен жер учаскелері беріледі. 4. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасына Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасынан тыс қоныс аударған Қандасдарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұрғылықты жеріне жол жүру және мүлкін тасымалдау шығындарын өтеуді қамтитын біржолғы жәрдемақылар белгілеуі мүмкін. Жәрдемақыларды төлеудің тәртібі мен шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде бекітеді. 4-1. Қандас мәртебесін беруге және (немесе) Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім алған этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ Қандасдар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Қазақстан Республикасының
--	---

	халықаралық шарттарына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес, көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады. 4-2. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген Қандасдарға және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделетін мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. 5. Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген Қандасдарға және олардың отбасы мүшелеріне осы бапта көзделген мемлекеттік қолдау шараларынан басқа тұтыну кредитін және тұрғын үй құрылысына ипотекалық қарыз алу құқығы беріледі. 5-1. Қандасдар немесе оның отбасы мүшелері оларды Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізгеннен кейін қайтыс болған жағдайда, мемлекеттік қолдау шаралары Қандасдарға немесе отбасы мүшелеріне олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанына қарамастан ұсынылады. («Қандасдар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 83 қаулысы). Мемлекеттік қолдау көшуіне және тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыстарын өтеуге субсидиялар беруді қамтиды. 1) көшуге субсидия – әрбір отбасы мүшесіне отыз бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет; 2) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге субсидия – қалалық жерге қоныс аударғандар үшін он екі ай ішінде ай сайын: 2.1) бір адам үшін – жиырма еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; 2.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде – жиырма бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
--	--

		2.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – отыз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; 3) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге субсидия – ауылдық жерлерге қоныс аударулар үшін он екі ай ішінде ай сайын төлеу: 3.1) бір адам үшін – он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; 3.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде – он сегіз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; 3.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – жиырма еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде. Үкімет айқындаған өңірлерге келген Қандасдарға субсидиялар шығу өңіріне және жұмысқа орналасу фактісіне қарамастан төленеді. <i>Дереккөз: Қандасдар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығы;</i>
4.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны. Қазақстан Үкіметінің қаулысымен 2021 жылы қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы 1426 адамға белгіленді. 2021 жылы квота келесідей бөлінді: Павлодар облысы бойынша – 500, Қостанай облысы бойынша – 350, Ақмола облысы бойынша – 258, Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 195, Солтүстік қазақстан облысы бойынша – 123 адам. Қандастардың (оралмандардың) тіркелген мекен-жайы: ШҚО, Павлодар, Ақмола, СҚО, Қостанай облыстарының бірінде болса, өңірлік квотаға ене алады.

5.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін қандай құжаттар тапсырылады?	Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген, қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар <u>Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына</u> немесе тұрғылықты жері бойынша <u>Халыққа қызмет көрсету орталығына</u> қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш береді. <i>Өтінішке қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен мынадай құжаттар қоса беріледі:</i> - қандастың және оның отбасы мүшелерінің (бар болса) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері; - ықтияр хат көшірмесі; - өтініш берушіге және оның отбасы мүшелеріне мүлік жоқ деген анықтамасы; - неке немесе некені бұзу туралы куәліктің (бар болса) көшірмесі; - білімін, біліктілігін және белгілі бір мамандық бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың (бар болса) не еңбек кітапшасының (бар болса) көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтама. Жергілікті атқарушы орган, өңірлік квотаға енгізу туралы өтініш білдіруші қандастардың тізімін қалыптастырады және өтініштерді алған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға жолдайды. Комиссия өтініш білдірушілердің тізімдерін алғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Жергілікті атқарушы орган күнтізбелік 5 күн ішінде өтініш берушіге оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілгені туралы шешімді жолдайды.
6.	Өңірлік квотаға енгізілген қандастардың мемлекет тарапынан берілетін төлемақыларды алу тәртібі.	Өңірлік квотаға енгізілген қандастарға «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында көшіп келген отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік төлем, сондай-ақ тұрғын үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды жабу үшін бір отбасына 12 ай ішінде ай сайын 15-30 АЕК мөлшерінде өтемақы төленеді.

		Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы Комиссияның шешімі шыққаннан кейін, қандас Жұмыспен қамту орталығына төлемдерді алу үшін жүгінуі қажет. Қажетті құжаттар тізімі: - жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу бағыты бойынша қатысушылар қатарына қосу туралы өтініш; - көшуге субсидиялар, тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидия тағайындау туралы өтініш; - қандас мәртебесін растайтын құжат; - тұруға ықтияхат (көшірме); - меншігінде жылжымайтын мүлігі (бар) жоқтығы туралы анықтама - екінші деңгейдегі банкте ашқан жеке шотының нөмірі (20 таңбалы сан); - тұрғын үйді жалға алу шарты немесе алдын ала сатып алу шарты (көшірмесі); <i>2021 жылға бір АЕК - 2917 теңгені құрайды. Осылайша, 4 адамнан тұратын орташа отбасы бір уақытта 140 АЕК алуға құқылы, бұл 408 380 теңгені құрайды.</i>
7.	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту.	Төмендегі жағдайларда квотаға кіре алмайды: - Құжаттар тізімі толықты болмаған жағдайда - Бұрын Қандастардың өңірлік квотасына кірген болса - Қандастарды қабылдау квотасы біткен жағдайда квотаға кірмейді.
8.	Тұрғын үймен қамтамасыз ету.	Қандастарға тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін арнайы бағдарлама қабылданбаған. ҚР-ның азаматтығын алғаннан кейін жер телімін, тұрғын үй алу мәселесін жалпы арнайы кезек бойынша ала алады. <i>Дереккөз: Қандасдар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 20 бұйрығы;</i>

9.	Зейнетақы мәселесі туралы.	2020 жылы елімізде зейнетақы мен жәрдемақы көтерілді. Жаңа жылдан бастап күшіне енген бюджет туралы заң бірқатар төлемді көбейтуді көздеді. 2019 жылы ең төменгі зейнетақы 36 108 теңге болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 38636 теңгеге дейін артты. <i>Дереккөз: «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы Заңы;</i>
10.	Қандастар кәсіпкерлігін қолдау	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында қандастар кәсіпкерлігін қолдаудың бірнеше шаралары қарастырылған: 1. «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін оқыту бағдарламасы; Қатысу үшін: Жұмыспен қамту орталығынан жолдама алып «Атамекен» ҰКП өңірлік бөлімшесінде немесе https://qoldau.atameken.kz сайтында тіркелу қажет. Оқу мерзімі: 1 ай. Ерекшеліктері: - тәжірибелі бизнес жаттықтырушының оқытып, қатысушыларға жетекшілік етуі; - қатысушыға бизнес-жоспар құру; - сертификаттың 2 түрі (оқуға қатысқаны және аяқтағаны туралы); - сертификаттар сізге грант 100МРП және 6% жеңілдікпен микрокредит алу құқығын береді - 12 ай бойы жетекшілік етуі.
3. Бейімдеу және ықпалдастыру орталығы		
1.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығына жолдама алу.	Қандастар (Қандас) куәлігі және ықтиярхат болса орталықтың ережесі бойынша жіберіледі. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 13 мамырдағы ҚР Заңы;</i>
2.	Бейімдеу және ықпалдастыру орталығы ұсынатын қызметтер.	Заң бойынша консультация жұмыстарын жүргізу және тездетіп орналасқан мекен жайға бейімделу үшін көмек көрсету

		<i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 13 мамырдағы ҚР Заңы;</i>
4. Жұмыспен қамту орталығы		
1.	Мамандығы бойынша жұмысының жоқтығы.	Тұрақты тіркеуге тұрғаннан кейін қала, аудандағы Жұмыспен қамту орталықтарына жүгініп жұмыспен қамтылады және басқа да мамандықтар бойынша қайтадан оқуға болады. <i>Дереккөз: «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</i>
2.	Ықтиярхатпен жұмысқа орналасуға болады ма?	Ықтиярхатпен жұмысқа орналасуға болады (мемлекеттік және әскери қызметтен басқа). Ол үшін қала, ауданның жұмыспен қамту орталықтарына хабарласуға болады. <i>Дереккөз: «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</i>
3.	ҚР азаматтығын алмаса қалай жұмысқа орналасуға болады?	ҚР-ның азаматтығын алып үлгермеген болса мемлекеттік және әскери қызметтен басқа жұмыстарға орналасуға болады. Қала, аудандағы жұмыспен қамту орталықтарына хабарласуға болады. <i>Дереккөз: «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</i>
5. Мемлекеттік қызметтер бойынша		
1.	Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу.	ЖСН алу үшін қандастарымыз және отбасының барлық мүшелері тұрғылықты жері бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығына» жүгінуі қажет. Ол үшін келесі құжаттар талап етіледі: - бейрезидент жеке тұлғаның, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат; - жеке басын куәландыратын құжатының нотариуспен ресімделген қазақ және орыс тіліндегі аудармасы. ЖСН алуға құжаттарды тапсырған күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде беріледі.

2.	Паспортты және жеке куәлікті алу.	ҚР азаматтығын алғаннан кейін паспорт пен жеке куәлікті алуға тапсырыс беріледі. Онлайн қызмет ҚР барлық аймақтары үшін қолжетімді. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-да немесе ХҚКО арқылы өтінімді толтыру, фотосурет беру, мемлекеттік баж салығын төлеп алады. Жеке тұлғаларға қызмет бағасы: - Паспорт - 8 АЕК; - Жеке куәлік – 0,2 АЕК; - Жеке куәлігін алуға уақытында келмеген жағдайда айыппұл - 7 АЕК. Жедел тәртіпте құжаттарды 1, 2 санаттағы жеделділік бойынша алуға болады. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңы;</i>
3.	Мекен-жай анықтамасын алу.	2019 жылдың 1 қарашасынан бастап мекенжай анықтамасын беру тоқтатылған. Бұдан былай азаматтардың тұрғылықты мекенжайы туралы мәлімет мемлекеттік органдардың біріктірілген базасында сақталады. Жұмысқа тұру, емханаға, балабақша мен мектепке тіркелу секілді жұмыстардың барлығында алдымен мекенжай анықтамасы сұратылатыны белгілі. Енді мұндай анықтаманы беру мемлекеттік қызмет көрсету реестріне алынып тасталды. Ал мемлекеттік органдар мекенжай деректерін Ішкі істер министрлігінің деректер базасымен интеграцияланған ақпараттық жүйелер арқылы алатын болды. Мекенжай анықтамасы берілмегенмен оны egov.kz электронды үкімет порталы мен «eGov mobile» қосымшасындағы жеке кабинет арқылы тексеруге болады. <i>Дереккөз: egov.kz</i>
4.	Қандастардың және оның отбасы мүшелерінің жеке құжаттарындағы тектерінің сәйкес келмеуі және өзгеруі.	Қандастарымыздың төлқұжаттарын берген мемлекетіндегі азаматтарды тіркеу хал актілері жазбасы туралы анықтамасы, туу туралы куәліктің түп нұсқасындағы жазбалар бойынша қабылданады. Егер некеге отырған (<i>ерлі-зайыпты болған</i>) кезде жұбайының тегі қабылданса, некеге дейінгі тегін алғысы келуі; ұлттық дәстүрлерге байланысты әкесінің немесе атасының аты бойынша текте болғысы келуі; өтініш берушіні іс жүзінде тәрбиелеген адамның тегі мен аты бойынша текті және (<i>немесе</i>) әкесінің атын алғысы келуі сияқты сәйкес болмау жиі кездеседі.

		Ондай жағдайда құжаттарды тану және нострификациялау қағидалары арқылы дәлелдеп, сот шешімімен тегі, аты-жөні өзгертіледі. <i>Дереккөз: «Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі мен босқын куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысы.</i>
5.	ҚР-дағы мамандық бойынша шетел дипломдарын, құжаттарын нострификациялау.	Тану және нострификациялау рәсімін жүргізу үшін білім туралы құжаттарды қабылдау "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады. <i>Дереккөз: «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы N 8 бұйрығы.</i>
6. Білім бойынша		
1.	Дайындық бөлімі бойынша сұрақтар.	Дайындық бөлімі бойынша ережелер жыл сайын өзгереді /әлі бекітілмеген. Барлық сұрақтар бойынша +7(7172)98 14 04 телефон (шетелдіктер үшін қоңырау шалу тегін) немесе E-mail: info@oq-bilim.kz пошта арқылы хабарласуға болады. <i>Дереккөз: «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығы.</i>
2.	Білім гранты бойынша бөлінген квоталар туралы ақпарат.	Грант саны: 1)Бакалавриат - 490; 2)Магистратура – 50; 3)PhD Докторантура – 10. Үміткерлер құжаттарды онлайн түрде 2020 жылдың 1 наурызынан 1 маусымына дейін тапсыра алады. Барлық сұрақтар бойынша +7(7172)98 14 04 телефон (шетелдіктер үшін қоңырау шалу тегін) немесе info@oq-bilim.kz e-mail поштасы арқылы хабарласуға болады. <i>Дереккөз: «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығы.</i>

7. Консулдық қызметтер бойынша.

1.	Отбасын біріктіруге арналған виза	Бұл визаны алатындар: Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасы азаматының отбасы мүшесі болып табылатын адамдар, Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат алған этникалық қазақтар мен бұрынғы қандастардың, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ бизнес иммигранттардың отбасы мүшесі болып табылатын адамдар (кемінде екі жыл мерзім). Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері (ҚР ІІМ келісімінсіз) мына құжаттардың негізінде береді: 1) шақырушы тараптың қолдаухаты (еркін нысанда); 2) Қазақстан Республикасы азаматтарын қоспағанда, шақырушы адамның уақытша тұруға рұқсаты (нотариалды куәландырған көшірмесі); 3) шақырушы адам мен отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат (нотариалды куәландырған көшірмесі); 4) шақырушы адамның Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген кемінде ең төменгі жалақы мөлшерінде әрбір отбасы мүшесін ай сайын ұстауға ақшасының болуын растау; 5) шақырушы тараптың Қазақстан Республикасы аумағында тұрғын үйінің болуын растау, оның алаңы әрбір отбасы мүшесіне белгіленген ең төмен нормативтерге, сондай-ақ санитарлық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де нормаларға сәйкес келуге тиіс (нотариалды куәландырған көшірмесі); 6) шақырушы адамның отбасының әрбір мүшесі үшін медициналық сақтандыру; 7) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттік уәкілетті органдары ұсынған, шақырушы адаммен отбасылық қатынасты растайтын құжат (нотариалды куәландырған көшірмесі); 8) отбасының кәмелетке толған мүшелеріне соттылығының болуын не жоқтығын растайтын құжат. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын</i>
----	-----------------------------------	--

		<i>беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.</i>
2.	Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған виза	Бұл виза тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына жіберілген немесе келген этникалық қазақтар алады. Визаны Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелер: (Қазақстан Республикасы ІІМ-мен келісусіз) және Қазақстан Республикасы ІІМ мынадай құжаттар негізінде береді: 1) өтініш иесінің ұлтын растайтын шетелдік мемлекеттің құзыретті органы беретін құжаттар - жеке басты куәландыратын құжаттарда ұлты туралы жазбасы болмаған жағдайда; 2) басым тәртіппен (ол болған кезде) Қандастарды иммиграциялық квотаға енгізуге құқық беретін құжаттар; 3) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде № 7274 нөмірімен тіркелген) Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруге тыйым салатын аурулардың жоқтығы туралы анықтама; 4) соттылығының болуын не жоқтығын растайтын құжат. Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.
3.	Еңбек қызметін жүзеге асыруға арналған виза	Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына бара жатқан, немесе Қазақстан Республикасындағы адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері. Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Визаны ҚР ІІМ шетелдік жұмыс күшін тарту үшін жұмыс берушіге берілген еңбек қызметін жүзеге асыруға арналған рұқсат немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мүшесі болып

		табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасына жұмысқа орналасуға немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу талап етілмейтігін дәлелдейтін құжаттар бар болған жағдайда, шақырушы тараптың қолдаухаты негізінде береді. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.</i>
4.	Миссионерлік қызметті жүзеге асыруға арналған виза	Миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін жіберілетін адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері. Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері шақыру негізінде береді. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.</i>
5.	Гуманитарлық уәждер бойынша виза	Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек саласында қайтарымсыз негізде қызметтер көрсету үшін Қазақстан Республикасына жіберілген волонтерлер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар шеңберінде қайырымдылық, гуманитарлық көмек және гранттар беру мақсатында Қазақстан Республикасына келетін адамдар. Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.</i>
6.	Оқу визасына қатысты	Осы тармақтарда көрсетілгендер оқу визасын ала алады:

		1) Орта, техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі, жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім бойынша білім беру оқу бағдарламалары, оның ішінде білім алушылармен алмасу және дайындық курстарынан өту бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында оқу, оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдар; 2) Орта, техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі, жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім бойынша білім беру оқу бағдарламалары, оның ішінде білім алушылармен алмасу және дайындық курстарынан өту бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында оқып жатқан адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері; 3) Қазақстан Республикасына уақытша келген және Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға түскен этникалық қазақтар, сондай-ақ визасыз режиммен келгендер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері. Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері мен ҚР ІІМ шақыру негізінде береді (кәмелетке толмаған виза алушылар үшін ата-аналарының немесе қорғаншыларының, қамқоршыларының нотариалды куәландырылған келісімі қазақ немесе орыс тіліне аудармасы бар болғанда). Көп мәртелі визаны ҚР ІІМ 3)-тармақтағы адамдарға, ұлттық тиесілігін растайтын құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының оқу орындарының қолдау хаты негізінде береді. <i>Дереккөз: «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы.</i>
8. Карантиндік шектеулер кезінде шетелдіктердің Қазақстанға келу тәртібі		
1.	Визалық режим	2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін ҚР Үкіметінің шешімі бойынша визасыз режимнің қолданысы тоқтатылды. Бұрын визасыз режим 54 елдің азаматтары үшін біржақты тәртіпте қолданылған.

Елдер тізімі:

1	Австралия	19	Канада	37	Португалия
2	Австрия	20	Катар	38	Румыния
3	Бахрейн	21	Кипр	39	Саудовская Аравия
4	Бельгия	22	Колумбия	40	Сингапур
5	Болгария	23	Кувейт	41	Словакия
6	Ватикан	24	Латвия	42	Словения
7	Великобритания	25	Литва	43	США
8	Венгрия	26	Лихтенштейн	44	Таиланд
9	Вьетнам	27	Люксембург	45	Филиппины
10	Германия	28	Малайзия	46	Финляндия
11	Греция	29	Мальта	47	Франция
12	Дания	30	Мексика	48	Хорватия
13	Израиль	31	Монако	49	Чехия
14	Индонезия	32	Нидерланды	50	Чили
15	Ирландия	33	Новая Зеландия	51	Швейцария
16	Исландия	34	Норвегия	52	Швеция
17	Испания	35	Оман	53	Эстония
18	Италия	36	Польша	54	Япония

ЕСКЕРТУ: Аталған елдердің азаматтарына Қазақстанға кіру үшін Енді виза қажет. Визаның жарамдылық мерзімі мен санаты сіздің сапарыңыздың мақсатына және елде болу мерзіміне байланысты. Мысалы, іскерлік сапар (кездесулер, келіссөздер) үшін Сіз В3 санатындағы визаны рәсімдеуіңіз керек.

2.	Визасыз режим	Қазақстан «Азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы» жекелеген екі жақты келісімдер жасасқан елдердің азаматтарына ВИЗА талап етілмейді. Жақын шетелдер: <table border="1"> <thead> <tr> <th>АЗАМАТТЫҒЫ</th><th>ҚР кіру</th><th>Болу кезеңі</th></tr> </thead> <tbody> <tr><td>АЗЕРБАЙДЖАН</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін</td></tr> <tr><td>АРМЕНИЯ</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі</td></tr> <tr><td>БЕЛАРУСЬ</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі</td></tr> <tr><td>ГРУЗИЯ</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>КЫРГЫЗСТАН</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі</td></tr> <tr><td>МОЛДОВА</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>РОССИЯ</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі</td></tr> <tr><td>ТАДЖИКИСТАН</td><td>визасыз</td><td>90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі</td></tr> <tr><td>ТУРКМЕНИСТАН</td><td>виза</td><td>виза мерзімі</td></tr> <tr><td>УЗБЕКИСТАН</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін</td></tr> <tr><td>УКРАИНА</td><td>визасыз</td><td>180 күн ішінде 90 күнге дейін</td></tr> </tbody> </table> Алыс шетелдер: <table border="1"> <thead> <tr> <th>АЗАМАТТЫҒЫ</th><th>ҚР кіру</th><th>Болу кезеңі</th></tr> </thead> <tbody> <tr><td>АРГЕНТИНА</td><td>визасыз</td><td>жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>БРАЗИЛИЯ</td><td>визасыз</td><td>жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>ГОНКОНГ</td><td>визасыз</td><td>14 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>ОАЭ</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>СЕРБИЯ</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>ТУРЦИЯ</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>ЭКВАДОР</td><td>визасыз</td><td>әр 180 күндік кезең ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі</td></tr> <tr><td>Оңтүстік Корея</td><td>визасыз</td><td>30 күнге дейін, бірақ әрбір 180 күндік кезең ішінде 60 күнтізбелік күннен артық емес, немесе виза мерзімі</td></tr> </tbody> </table>	АЗАМАТТЫҒЫ	ҚР кіру	Болу кезеңі	АЗЕРБАЙДЖАН	визасыз	30 күнге дейін	АРМЕНИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі	БЕЛАРУСЬ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі	ГРУЗИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі	КЫРГЫЗСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі	МОЛДОВА	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі	РОССИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі	ТАДЖИКИСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі	ТУРКМЕНИСТАН	виза	виза мерзімі	УЗБЕКИСТАН	визасыз	30 күнге дейін	УКРАИНА	визасыз	180 күн ішінде 90 күнге дейін	АЗАМАТТЫҒЫ	ҚР кіру	Болу кезеңі	АРГЕНТИНА	визасыз	жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі	БРАЗИЛИЯ	визасыз	жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі	ГОНКОНГ	визасыз	14 күнге дейін немесе виза мерзімі	ОАЭ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі	СЕРБИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі	ТУРЦИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі	ЭКВАДОР	визасыз	әр 180 күндік кезең ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі	Оңтүстік Корея	визасыз	30 күнге дейін, бірақ әрбір 180 күндік кезең ішінде 60 күнтізбелік күннен артық емес, немесе виза мерзімі
АЗАМАТТЫҒЫ	ҚР кіру	Болу кезеңі																																																															
АЗЕРБАЙДЖАН	визасыз	30 күнге дейін																																																															
АРМЕНИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі																																																															
БЕЛАРУСЬ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі																																																															
ГРУЗИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
КЫРГЫЗСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі																																																															
МОЛДОВА	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
РОССИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі																																																															
ТАДЖИКИСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе еңбек шартының мерзімі																																																															
ТУРКМЕНИСТАН	виза	виза мерзімі																																																															
УЗБЕКИСТАН	визасыз	30 күнге дейін																																																															
УКРАИНА	визасыз	180 күн ішінде 90 күнге дейін																																																															
АЗАМАТТЫҒЫ	ҚР кіру	Болу кезеңі																																																															
АРГЕНТИНА	визасыз	жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
БРАЗИЛИЯ	визасыз	жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
ГОНКОНГ	визасыз	14 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
ОАЭ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
СЕРБИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
ТУРЦИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
ЭКВАДОР	визасыз	әр 180 күндік кезең ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі																																																															
Оңтүстік Корея	визасыз	30 күнге дейін, бірақ әрбір 180 күндік кезең ішінде 60 күнтізбелік күннен артық емес, немесе виза мерзімі																																																															

3.	ПТР-анықтамасы	Қазақстанға келген шетелдіктер өзімен бірге COVID-19 тестінің теріс нәтижесі бар ПТР-анықтаманы алып жүруге міндетті. 5 жасқа дейінгі балаларға ПТР-анықтама қажет емес. Анықтаманың мерзімі нәтижені беру күнінен бастап қазақстандық шекараны кесіп өту сәтіне дейін 3 тәуліктен (72 сағат) аспауы тиіс. Қазақстан Республикасының аумағында вакцинациялаудың толық курсын алған шетелдіктерге (вакцинаның түріне қарамастан: QazVac, Спутник V, Hayat-Vax немесе CoronaVac), сондай-ақ вакцинацияланған азаматтарға ПТР-анықтама талап етілмейді: - Моңғолия - Венгрия - Тайланд - Грузия - Қырғызстан - Молдова Елге кіру паспорт немесе вакцинация туралы анықтама негізінде жүзеге асырылады.
4.	30 КҮНДЕ 1 РЕТ ШЕКАРАДАН ӨТУ	Егер сіз төмендегі санаттарға жататын шетелдік азамат болсаңыз, назар аударыңыз: -ҚР тұруға ықтиярхат -ҚР тұруға ықтиярхаты бар отбасы мүшесі -ҚР азаматы болып табылатын отбасы мүшесі (жұбайы, ата-анасы, балалары) 2021 жылғы 4 ақпаннан бастап Сізге 30 күнде 1 реттен артық емес Қазақстанға кіруге шектеу қойылады. Егер сіз Қазақстаннан шықсаңыз, сіздің елге қайта келуіңіз ҚР-дан соңғы шыққаннан кейін 30 күннен ерте емес уақытта мүмкін болады.